

**Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2000 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 30 қыркүйек N 447

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Z939000\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер 2000 жылдың қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құралымдары қатарынан запасқа шығарылсын.

2. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құралымдарына 2000 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

3. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері жергілікті өкілді және атқарушы органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігімен өзара іс-қимыл жасай отырып, тиісті әскери комиссариаттар арқылы 2000 жылдың қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастырысЫН және қамтамасызы өтсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті,

Республикалық ұланы мерзімді әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызмет өткеру үшін Қарулы Күштерге, басқа әскерлер мен әскери құралымдарға жөнелтуді және белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген әскери қызметшілерді босатуды қаржылай және материалдық жағынан қамтамасызы етуді ұйымдастырысЫН.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:  
Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК